Бекітемін.

Мектеп директоры

« 28 » 08 2023

Келісемін.

Оқу ісінің меңгерушісі

« 28 » 08 2023

Ә/Б-ң отырысында қаралды

Қаулы № 1

« 28 » 08 2023

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
«ЖАХАНДАНУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР»
2023-2024 оқу жылы

Мұғалім: Тайжанова Маржанкул Кайыркеновна

8 сынып барлығы__17 сағат, екі апталық саны__ 0,5 сағат

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «21»
қарашадағы
№467 бұйрығына
11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «16» қыркүйегіндегі
№399 бұйрығына
68-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жаһандық құзыреттер» курсының оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Жаһандық құзыреттер» курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру.

4. Курстың міндеттері:

1) 1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;

2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;

3) білім алушыларда медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;

4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

5) экологиялық мәдениетті дамыту;

6) қоғам өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
6-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
7-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
8-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;
9-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген алты бөлімнен (юниттер) тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі (юнит) білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі (юнит) өзін ел азаматы ретінде сезінуге, өзінің Отанға қатыстылығын сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі (юнит) медиа кеңістіктің құралдарын талдауға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды, сондай-ақ қаржыны басқару және өзінің қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» юнтиті қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі (юнит) өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» (9-сынып) бөлімі (юнит) зайырлы мемлекет, діннің қоғам өміріндегі орны, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың әсер ету қаупі туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған.

1-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыларда:
1) азаматтық ұстаным;
2) әлеуметтік жауапкершілік;
3) мінез-құлық мәдениеті;
4) басқаларға көмекке дайын және құрметпен қарайтын;
5) салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
6) сыни, креативті және шығармашылық ойлау дағдылары;
7) алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;
8) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

2-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары көрсетілген.

Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

«Жаһандық құзыреттер» курсының тақырыбы

Юнит	5 класс	6 класс	7 класс	8 класс	9 класс
Этика және әдеп	Барлығы сәлемдесуден басталады	Мен және менің құрдастарым	Сыпайы сөйлейміз	Қазақ халқының дәстүрі ретінде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы	Еңбек мәдениеті
	Мен достарымның ортасындамын	Шешім қабылдаймыз	Рухни сапа-адам өміріндегі басты қасиет	Отбасылық құндылықтар: әкем, анам және мен - тату отбасымыз	Ел игілігіне еңбек ет
	Мен өз әрекеттерім үшін жауап беремін	Уақытты бағалауды үйренеміз	Кемшіліктермен жұмыс істеу-кемелдікке апаратын жол	Адалдық пен әділеттілік -өмірдің ұстанымдары	Қарым-қатынас мәдениеті және әдеп

Оқу күніне сәйкес келетін мекеме күндеріне байланысты бағдарамалық материалдың толық өтуін қамтамассыз ету мақсатында келесі тақырыптар бойынша сабақтарды біріктіру

Тоқсан	Сабақ	Тақырып	Жоспар бойынша	Өткізілен мерзімі
4	33	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	09.05	23.05

«Жаһандық құзыреттер» курсының ұзақ мерзімді жоспары
8 -сынып

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)	Сағат саны	Уақыты	Ескерту
Этика және әдеп	1	Қазақ халқының дәстүрі ретінде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы	Отанды сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге ұмтылады. Патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие алады. Дос, достық туралы әңгімелей отырып, өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге дағдыланып, достық қарым – қатынасын нығайта біледі.	Бейнеролик дайындау «Досыңызды кафеге шақырыңыз» рөлдік ойыны Жағдаяттық есептерді шешу	1	14.09	
	2	Адалдық пен әділеттілік -өмірдің принциптері			1	28.09	
	3	Саяхат этикасы: біз өз еліміздің таныстырамыз			1	12.10	
Азаматтық және патриотизм	4	Біз-біртұтас халықпыз!	Қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-	Әлеуметтік жоба қайырымдылық челлендж «Жақыныңа жанашыр бол»	1	26.10	
	5	Менің елім-жүрегімде!			1	16.11	

			қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.				
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық	6	Жалған танымалдық	Медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурс	1	30.11	
	7	Отбасы кірістері			1	14.12	
	8	Отбасылық шығындар			1	28.12	
	9	Жоспарсыз сатып алу			1	18.01	
	10	Отбасы бюджетін жүргізу ережесі			1	1.02	

Өмір сүру қауіпсіздігі	11	Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	Адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Стартаптар	1	15.02	
	12	Жауапты мінез-құлық және инфекцияның алдын-алу			1	29.02	
	13	Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы			1	14.03	
	14	Зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік			1	11.04	
	15	Алғашқы көмек көрсету ережелері			1	25.04	
Экологиялық мәдениет	16	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	Білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды, қалыптастырады.	Стартаптар Дөңгелек үстел (Олажас Сүлейменовтың «Бөлтіріктер» поэмасын талқылау) Зерттеу жұмысы Аргументтік эссе Экологиялық акциялар «Табиғатты қорғау біздің қолымызда!»	1	9.05	
	17	Болашақта жер қандай болуы керек?			1	23.05	